

ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫ ЖАЙЛЫ ТЫҢ КӨЗҚАРАСТАР ЖЕЛІСІ

Сақтаған Айсауле Серикқызы

aisaule_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті Қазақстан тарихы

2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Сайлаубай Е.Е.

XX ғасырдың 1937-1938 жылдардағы сталиндік жүйенің "Үлкен террор" атты саяси қуғын-сүргіні қазақ даласын қанға бөктіріп, қаншама жазықсыз халықты атты, темір торға тоғытты, итжеккенге айдады және басқа да зорлық-зомбылықтардың небір түрін жасады.

Қай ұлттың болмасын қаламгерлер қауымы тарихтың тегершігімен бірге айналған жылдардың жүлгесінде өз халқының бастан кешкен басты қайғылы-тағылымды оқиғалары жөнінде көбірек қалам сілтеп, оқырман назарын осының байыбына барынша қырағаттап аударуға ұмтылады. Біздің қазақ үшін XX ғасырдағы сондай сұрапыл оқиғалардың арасында 1921 және 1931-1933 жылдар аумағын қамтыған ашаршылықтың алатын орны айрықша зор болды.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, қазақ халқының бір ғасырда үш бірдей ашаршылықты бастан кешкенін байқаймыз. Оларды 1919-1922 жылдардағы аштық (1,5 млн адамды алып кеткен), 1931-1933 жылдардағы аштық (2,5 млн адам) және 1946 жылдары болған аштық деп қарастыруға болады. Осылайша, қазақтар іс жүзінде 15-20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Біз үшін ашаршылықтың зардабы өте-мөте ауыр тиді. Ғалымдар оның қазақ халқының дамуын 110 жылға кейін шегергенін айтады. Осы ретте Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың: «егер ашаршылық болмағанда, біз қазір 45-50 миллион халық болып отырар едік» деген тұжырымында шындық бар. Мұны сол ашаршылыққа дейін біздің жарты санымыздан сәл ғана асатын өзбек халқының қазір 32 миллионға жетіп отырғанының өзі байқатады. Ал 1932-1933 жылдары орын алған ашаршылыққа келер болсақ, ғалым Талас Омарбеков 2 миллион 300 мың адамның опат болғанын айтады. Ол мұрағат құжаттары негізінде жалпы қырылған қазақтың санын 4 млн 836 мың деп тиянақтап берді. Кейбір тарихи деректерде, 1932 жылғы ашаршылықта жалғыз қазақ емес, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің бәрі, яғни 250 мыңға жуық өзге ұлт өкілі қырылған делінеді. Соның көпшілігі орыстар болған [1, 35].

Шетелдік ғалымдардың тарапынан бұл алапат оқиға қатысты түрлі пікірлер аз емес. Сондай ғылыми негізде еңбек жазған АҚШ тарихшысы Сара Кэморон еді. Сара «Ашаршылық» тақырыбын зерттеуде біраз жұмыстар атқарып, Йель университетінде осы тақырыпта диссертациялық жұмысын жария етті. Зерттеу жұмысының нәтижесінде "Аштық жайлаған Дала: Ашаршылық, Зорлық және Кеңестік Қазақстанды орнату" атауымен 2018 жылдың қараша айында кітап болып шықты.

«Голодная степь: голод, насилие и становление Советского Казахстана» атты еңбегінде сталиндік режимнің нәтижесінде туындаған қазақ халқының ашаршылығы 1930-1933 жылдарын қарастырады. Ашаршылық нәтижесінде 1,5 миллионнан астам адам қаза тапты, бұл дегеніміз Қазақстан халқының төрттен бір бөлігі. Алайда, бұл аштықтың тарихының ашылмаған астарлары көп. Мемлекеттік және партиялық құжаттарға сүйене отырып, сондай – ақ орыс және қазақ тілдеріндегі ауызша тарих пен мемуарларға сүйене отырып, қазақ қоғамы үшін жойқын салдарын ашады.

1931–33 жылдардағы ашаршылық («Ашаршылық», «Ұлы Жұт», «аштық», «Голощекин аштығы») — жаңа тарихтағы ірі, алайда ұмытылған апат. Иосиф Сталиннің басшылығымен жүрген ұжымдастыру, шаруалардың мүлкін тәркілеу, бай-құлақтарды «әшкерелеу» науқандары КСРО-дағы кейбір аймақтарда жаппай аштыққа ұласты. Ең көп

адам Украина мен Қазақстанда зардап шекті, Орталық Азия, Сібір, Орал, Кавказ бен Еділ бойындағы жұрт та аштыққа ұрынды. 1930 жылдардағы аштық Қазақстандағы ең ауқымды әлеуметтік апат: аштықтан 1–3 миллион аралығында адам қаза тапты. Онсыз да аштыққа ұшыраған халықты большевиктер партиясы жаппай қуғын-сүргінге ұшырата бастады: ал аштық пен қуғын-сүргінге қатысты толқулар мен көтерілістерді жергілікті ОГПУ (НКВД) аяусыз басып-жаншып отырды. Жүз мыңдаған адам Қазақстаннан босып, Орталық Азия мен Азияның басқа қиырына (Ауғанстан, Қытай, Түркия, Моңғолия) жөңкіле көшті. Он мыңдаған қазақ далада арлы-берлі көшіп жүріп аштан, жазалау отрядтарының қаруынан көз жұмды [2]. Ұлы ашаршылықтың тарихнамасының Қазақстанда жарты ғасырлық мерзімі болғанымен, әлі күнге дейін Қазақстанда толық қанды суреті құрастырылмаған. Негізгі ашаршылық құрбаны болған ет пен ірі қар мал қатысты мәліметтерді айтуға болады. Қазіргі таңда осы жұмысты жазу барысында мемлекеттердің мал басын аштық ауқымының негізгі факторы ретінде ресустары пайдаланғанына назар аудардым. Зерттеу жұмысы Мәскеудегі Ресей Мемлекеттік эконмика архивіне (РГАЭ) , басқа Ресей федерациясы мен Қазақстан архивінің материалдарына негізделген. Менің жұмысым айтарлықтай дәрежеде 1997 “ 20-30 жылдардағы Қазақстанның қасіреті» атты қазақ тарихшысы Талас Омарбековтың еңбегімен расталған [3, 66].

Адиб Халидтың кеңестік саясатқа “неоколониалды интерпретацияға” деген сыни көзқарасына қарамастан, ол мыңдаған жыл бұрын тарихшылардың Орталық Азия мен кеңес мемлекетімен экономикалық қатынасымен аз қызықты, негізінен осы қатынастарды отарлау саясат болғаны екенін анықтау оңай еді. Менің мәліметтерім бойынша, ұжымдастыру отырықшылыққа аудару науқаны өте жақсы , баяу және жұмсақ аштық басталған сәтке дейін өтті. Мэттью Пейн, керісінше, бұл науқан қатал болды деп санайды, жүздеген мың көшпенділер зардап шекті және ашаршылықтың туындау себептерінің бірі.

Изабель Оайон айтуы бойынша 1930-1931 жылдарында, ашаршылықтың таралуы процесінде 120.000 қазақ шаруашылығының бірінші толқынының “отырықшылану” көшіру жұмыстары жылдам әрі қатыгез жүргізілді. 1934 жылы ашаршылық аяқталғаннан кейін және Қазақрайком ВКП(б) хатшысы Филипп Голощекиның қызметтен босталуынан кейін Қазақстанға келген ұлттық комиссия бұл сандардың жалған деген шешімге келген.

Роберт Киндлер бір жағынан төменгі деңгейдегі әкімшілердің отырықшылыққа өту науқанын елемегін мойындайды. Алайда, ол “отырықшыландыру” ұранымен мемлекеттік ұйымдар көшпелі халықтан малдарын тартып алу жағдайларын суреттейді. Алайда, бұл Қазақстанның барлық аймақтарын қамтитын жүйелі саясат болғаны екі талай [4, 16].

Алдын ала бағалаулар бойынша, 1930 жылдардың басында КСРОның әр түрлі аймақтарында алты миллион адам аштықтан қаза тапты, соның ішінде Украина (құрбандардың жартысынан астамы), Қазақстан аумағында барлығы(құрбандардың төрттен бір бөлігі) және Солтүстік Кавказ қайтыс болғандардың саны көп. Барлық құрбандардың 90% - дан астамы осы үш аймаққа тиесілі. Басқа, жүздеген мың адам КСРО ның түрлі аймақтарындағы ашаршылықтан қайтыс болды, әсіресе Поволжье және Оралда. Аштық (оның ішіндеоның ішінде індеттің жеткіліксіз тамақтануынан болған) қазақтардың үштен бір бөлігі және барлық украиндардың кем дегенде бестен бір бөлігі, сондай-ақ жүздеген мың орыс қаза табуына алып келді.

Қорытындылай келе, шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көзқарастар Кеңес Одағының ұжымдастыру жылдарындағы саяси процесстерді сипаттауда архивтік материалдарды қолданумен тұжырымдауға болады. Аталмыш ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарастары барынша объективті түрде жазылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Омарбеков Т.Қазақ халқының 20-30 жылдардағы қасіреті.– А., 1997.–320 б.
2. Изабель Огайон. 1929-1932 жылдардағы ашаршылық қазақтарды жаппай отырықшыландырудың нәтижесі//Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы: Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. 31 мамыр-1

маусым 2012 жыл.– Астана: Мемлекет тарих институты, 2012.–400 б.

3. Арендт Х. Истоки тоталитаризма/ пер. С англ. Борисовой и др.; послесл. Давыдов Ю.Н.; под ред. Ковалевой М.С., Носова Д.М.–М.: ЦентрКом, 1996.–672 с.

4. Conquest R. The Great Terror: Stalin`s Purge of the Thirties. – London, 1990.– 416 p